

Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 қаңтардағы N 135-ІІ Заңы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-баптағы "құрылып жатқан заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарының" деген сөздер "мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құрылтай және басқа құжаттардың" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6-бап мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және тоғызыншы бөліктермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Заңды тұлғаның құрылтайшысы басқа заңды тұлға болған жағдайда, онда тіркеуші органға құрылтай және басқа құжаттармен бірге құрылтайшыда - заңды тұлғада салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екендігі туралы салық органының анықтамасы табыс е т і л е д і .

Тиісті тауар рыногында үстем жағдайға ие заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін, монополияға қарсы заңдарда көзделген жағдайларда, бұған қоса монополияға қарсы органның келісімі қажет болады.

Тіркеуші орган заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеген күннен бастап он күн ішінде заңды тұлғаның тұрған жері бойынша салық органына тіркеудің жүргізілгендігі туралы х а б а р л а й д ы . " ;

8-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған акционерлік қоғамды, сондай-ақ акционерлік қоғамның қайта құрылуы нәтижесінде құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен өндірістік кооперативті тіркеу заң актілерімен белгіленген тәртіпте жүзеге а с ы р ы л а д ы . " ;

11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Мемлекеттік тіркеу мен қайта тіркеуден бас тарту

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу мен қайта тіркеуден бас тартуға заңды тұлға құрудың заңмен белгіленген тәртібі бұзылған немесе оның құрылтай құжаттары

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген немесе құрылтайшыда - заңды тұлғада салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек болған немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ретте монополияға қарсы орган келіспеген жағдайларда жол беріледі.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден немесе қайта тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеуші орган осы Жарлықтың 9-бабында көзделген мерзімде оған жазбаша түрде нақты заңға сәйкес келмеуіне сілтеме жасалған дәлелді бас тарту құжатын береді.

Мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартылған жағдайда, мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу үшін төленген алым қайтарылмайды.";

1 2 - б а п т а :

бірінші бөлік "құрылтай" деген сөзден кейін "және басқа да" деген сөздермен толықтырылсын ;

үшінші бөліктің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғаның лицензияланатын қызмет саласындағы құқықтық қабілеті тиісті лицензия алған сәттен бастап пайда болады және заң актілерімен белгіленген тәртіпте оның алып қойылған, қолданылу мерзімі біткен немесе жарамсыз деп танылған кезінен бастап тоқтатылады . "

1 4 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізген ретте" деген сөздер "Заң актілерінде көзделген жағдайларда" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Заңды тұлғаға басқа бір заңды тұлға қатысушы болған жағдайда, тіркеуші органға құрылтай және басқа құжаттармен бірге қатысушыда - заңды тұлғада салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екендігі туралы салық органының анықтамасы табыс етіледі.

Қатысушылар құрамының өзгеру негіздемесіне байланысты тиісті тауар рыногында үстем жағдайға ие заңды тұлғаны қайта тіркеу үшін монополияға қарсы заңдарда көзделген жағдайларда, бұған қоса монополияға қарсы органның келісімі қажет болады . "

бесінші бөлік "мемлекеттік статистика органына" деген сөздерден кейін "және заңды тұлға орналасқан жердегі салық органдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

1 6 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Акционерлік қоғамның қызметін тоқтатуды тіркеу Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының осы акционерлік қоғам акцияларының барлық эмиссияларының күшін жою туралы хабарламасы болған кезде жүзеге асырылады . " ;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Акционерлік қоғамды қайта ұйымдастырған жағдайда тіркеуші органға, бұған қоса Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының осы акционерлік қоғам акцияларының барлық эмиссияларының күшін жою туралы х а б а р л а м а с ы т а б ы с е т і л е д і .";

18-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Акционерлік қоғам акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуге немесе ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін алуға құжаттарды Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына белгіленген мерзімде табыс етпеген жағдайда , осы қоғам заңдарда белгіленген тәртіппен таратылуға немесе қайта құрылуға тиіс.".

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті